

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ оқу-әдістемелік кешені

Мамандығы: Құқықтану

Шифр: 5В030100

Пән: Сот сараптамасы

БЕКІТЕМІН

Заң факультетінің деканы

з.ғ.д., профессор Д.Л.Байдельдинов

« ____ » _____ 2015 жыл

ЕМТИХАН СҰРАҚТАРЫ

| № | Сұрақ | Бөлім |
|-----|---|---------|
| 1. | Сот сараптамасы заң білімінің саласы ретінде: түсінігі, пәні және мәселелері. | 1 Сұрақ |
| 2. | Сот сараптама жүйесі. | 1 Сұрақ |
| 3. | Сот сараптамасы және криминалистика. | 1 Сұрақ |
| 4. | Сот сараптамасы және қылмыстық іс жүргізу. | 1 Сұрақ |
| 5. | Сот сараптамасының тарихи дамуы. | 1 Сұрақ |
| 6. | Сот сараптама әдістемесі. | 1 Сұрақ |
| 7. | Сот өндірісінде арнайы білім түсінігі. | 1 Сұрақ |
| 8. | Сот-сараптама қызметінің мазмұны | 1 Сұрақ |
| 9. | Сот-сараптама қызметінің негізгі қағидаттары | 1 Сұрақ |
| 10. | Сот-сараптама қызметін жүзеге асыру кезіндегі заңдылық | 1 Сұрақ |
| 11. | Штаттан тыс сарапшыларды сот сараптамасын жүргізуге жұмылдыру. | 1 Сұрақ |
| 12. | Сот өндірісінде сот сараптамасын қолдану арнайы ғылыми білім формасы ретінде қолдану: түсінігі және оның маман институтынан ерекшелігі. | 1 Сұрақ |
| 13. | Сот сараптамасының пәні және мәселелері. | 1 Сұрақ |
| 14. | Сот сараптамасы объектілері. | 1 Сұрақ |
| 15. | Сот сараптамасы әдістемесінің түсінігі мен жіктелуі. | 1 Сұрақ |
| 16. | Сот өндірісіндегі арнайы таным және оны қолданудың формалары. | 1 Сұрақ |
| 17. | Сот сараптамасының түсінігі, оның ерекшеліктері | 1 Сұрақ |
| 18. | ҚР сот сараптама органдарының сот сараптама қызметінің мазмұны. | 1 Сұрақ |
| 19. | Сот сараптамасының түрі, шығу тегі, класс, түсінігі | 1 Сұрақ |
| 20. | Сот сараптамасының білім саласы бойынша критерилері мен әдістемесі, жіктелуі. | 1 Сұрақ |
| 21. | Процесуалдық негіз бойынша сот сараптамасының жіктелуі. | 1 Сұрақ |
| 22. | Сот сараптамасын топтастыру маңызы. | 1 Сұрақ |
| 23. | Сараптамалық зерттеу әдістемесінің түсінігі. | 1 Сұрақ |
| 24. | Сараптамалық зерттеу кезеңдері. | 1 Сұрақ |
| 25. | Сараптамалық қарау мен сараптамалық эксперимент | 1 Сұрақ |
| 26. | Жекеленген зерттеу мен салыстырмалы зерттеу | 1 Сұрақ |
| 27. | Криминалистік сараптама класына жалпы сипаттама | 1 Сұрақ |
| 28. | Криминалистік сараптама пәні және объектілері | 1 Сұрақ |
| 29. | Криминалистік емес сараптама жүргізу ерекшеліктері | 1 Сұрақ |
| 30. | Жеке басын анықтау бойынша сараптама жүргізудің ерекшеліктері 31. Қылмыс оқиғасын анықтау бойынша сараптама жүргізудің ерекшеліктері | 2 Сұрақ |
| 31. | Криминалистік емес сараптамаларын жіктеу және олардың жалпы сипаттамасы | 2 Сұрақ |

| | | |
|-----|--|---------|
| 32. | Крминалистік емес сараптама класының міндеті | 2 Сұрақ |
| 33. | Қылмыстық және азаматтық істер бойынша крминалистік емес сараптамаларды жүргізу ерекшелігі | 2 Сұрақ |
| 34. | Сот-сараптама қызметін жүзеге асыру кезінде адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын, заңды тұлғаның құқықтарын сақтау | 2 Сұрақ |
| 35. | Қазақстан Республикасындағы сараптамалық мекемелердің түрлері мен құрылымы. | 2 Сұрақ |
| 36. | Сараптамалық мекеме жетекшілерінің құқықтары | 2 Сұрақ |
| 37. | Сот сарапшысының міндеттері | 2 Сұрақ |
| 38. | Сот сарапшысының құқықтары | 2 Сұрақ |
| 39. | Сот сарапшысын аттестаттау тәртібі | 2 Сұрақ |
| 40. | Сот сарапшысына қойылатын біліктілік талаптары | 2 Сұрақ |
| 41. | Қазақстан Республикасындағы сараптамалық мекемелердің түрлері мен құрылымы. | 2 Сұрақ |
| 42. | Сараптамалық мекемеде сараптама жүргізу. | 2 Сұрақ |
| 43. | Сараптамалық мекемеден тыс сараптама жүргізу ерекшеліктері. | 2 Сұрақ |
| 44. | Сот сараптамасын жүргізуді ұйымдастырудың жалпы мәселелері. | 2 Сұрақ |
| 45. | Сот сараптамасын тағайындау үшін іс материалдарын дайындау: бастапқы мәліметтер түсінігі. | 2 Сұрақ |
| 46. | Сараптама тағайындау туралы қаулы шығару: сараптама шешуіне жіберілетін сұрақтарға қойылатын талаптар. | 2 Сұрақ |
| 47. | Процеске қатысушылардың сараптама тағайындау туралы қаулы мен танысу тәртібі. | 2 Сұрақ |
| 48. | Өтініштерді қанағаттандыру және сарапшыдан бас тарту. | 2 Сұрақ |
| 49. | Сараптама жүргізу үшін материалдарды беру тәртібі. | 2 Сұрақ |
| 50. | Алдын-ала тергеуде сараптаманы тағайындау мен жүргізудің процесуалдық мәселелері. | 2 Сұрақ |
| 51. | Сот сараптамасы процесуалдық құқықтың институты ретінде. | 2 Сұрақ |
| 52. | Азаматтық және қылмыстық істер бойынша сот сараптамасын тағайындаудың негізі мен тәртібі. | 2 Сұрақ |
| 53. | Қайталап жүргізу, қосымша, комиссиялық және кешенді сараптамаларды тағайындаудың процесуалдық тәртібі | 2 Сұрақ |
| 54. | Қылмыстық іс қозғалғанға дейін сот сараптамасын тағайындау 56. Алдын ала тергеуде сарапшыдан жауап алу | 2 Сұрақ |
| 55. | Сотта сараптама тағайындау мен жүргізудің ерекшеліктері 58. Сотта сараптама жүргізудің ерекшелігі. | 2 Сұрақ |
| 56. | Қылмыстық істер бойынша сот сараптамасын тағайындаудың негізі мен тәртібі. | 2 Сұрақ |
| 57. | Азаматтық істер бойынша сот сараптамасын тағайындаудың негізі мен тәртібі. | 2 Сұрақ |
| 58. | Сот сараптамасы заң білімінің саласы ретінде: түсінігі, пәні және мәселелері. | 2 Сұрақ |
| 59. | Сот сараптама жүйесі. | 2 Сұрақ |
| 60. | Сот сараптамасы және крминалистика. | 2 Сұрақ |
| 61. | 2001 жылдың 30 мамырында кәмелетке толмаған Қайрбеков пен Танаев бұзақылық әрекетпен азаматша Нысанбаева мен Дулатоваға тиісіп, темір сымдарды пайдаланып дене жарақаттарын салған. Бұзақылық жасаған жасөспірімдер ұзындығы 20 сантиметр құбыршалардан оқ атқан. Оқ ретінде сигарет фильтріне шаншылған 5 сантиметр инелер қолданылған, фильртлер иненің ұшуын реттеу үшін және иненің құбыр арнасымен жылжуын, реттеуші тығыздауыш материал ретінде қолданылған. | 3 Сұрақ |

| | | |
|-----|--|---------|
| | <p>- Бұл іске тиісті сараптаманың қандай түрі тағайындалу керек? - Сарапшының алдына қойылатын сұрақтарды құрастырыңыз?</p> | |
| 62. | <p>2002 жылдың 23 тамызында түнгі бірлер шамасында Алматы қаласының Айнабұлақ шағын ауданындағы №41 үйдің №53 пәтерінде Шамаев мас күйінде озбырлық әрекетпен психологиялық тұрғыда күш қолданып, азаматша Кикбаевамен зорлық түрінде жыныстық қатынас жасаған. 2002 жылдың 26 тамызында №229 сот-медициналық сараптау қорытындысы бойынша, Кикбаеваның денесінде жеңіл жарақат тобына жататын мынандай зақымдар анықталған: оң жақ білегі, сол жақ иығы мен оң саны қанталаған. Тергеу барысында айыпталушы, жоғарыда көрсетілген дене жарақаттарын, Кикбаева құрбысының туған күнінде орындыққа және магнитофонға құлау барысында алған, - деп мәлімделген. - Бұл іске тиісті сараптаманың қандай түрі тағайындалу керек? - Сарапшының алдына қойылатын сұрақтарды құрастырыңыз?</p> | 3 Сұрақ |
| 63. | <p>2002 жылдың 31 шілде күні Талдықорған – Үштөбе жолында, патруль-күзет қызметінің сержанты Әбілтаевты ұстау үстінде табельдік қаруын (Макаров тапаншасын) қолданған, азамат Әбдірашев санынан жараланып, соңынан ауыр халде ауруханаға түскен. Жәбірленушінің айтуынша, полиция қызметкері оның автомобиліне кіріп, ешқандай себепсіз тінту жүргізген. Өз машинасынан шығып, Әбілтаев тарапынан озбырлықты тоқтату үшін өтіп жатқан машиналарды тоқтатпақ болған. Кенеттен Әбдірашев мылтықтың атылған даусынан естүссіз жерге құлап түскен. Әбілтаев өз кінәсін толық жоққа шығарған, ол өз әрекеті белгіленген тәртіп бойынша жасалғанын алға тартқан. - Бұл іске тиісті сараптаманың қандай түрі тағайындалу керек?</p> | 3 Сұрақ |
| 64. | <p>2002 жылдың 15 сәуір күні таңертең Саин және Шаляпин көшелерінің қиылысында, ұлты еуропалық белгісіз ер адамның автотранспорт басып кеткен белгілері бар мәйіті табылған. Жол маңындағы жерден, автомобиль фарасының жарық шашыратқышына тән шынының әртүрлі көлемдегі 17 сынығы табылған. Шұғыл-ізвестіру шаралары барысында оң жақ фарының жарық шашыратқышы зақымдалған және осы бетіндегі қанатшасы 30 сантиметрдей майысқан мемлекеттік номері А 113 КТМ «Камаз» маркалы автомобиль анықталған. Жүргізуші Ақтымбаев жаяу жүрушіні басып кеткенін мойындамаған: фара мен қанатшаны өз ауласына кірер кезде мастықпен қақпаның қадасына соғып алып зақымдағанын айтқан. Көрсетілген жерді қарау кезінде жерден шынының 7 сынығы табылған, ал қақпаның қадасында жерден 150 см жоғары сарғыш түсті бояу ізі қалған сырынды ізі табылған. - Бұл іске тиісті сараптаманың қандай түрі тағайындалу керек? - Сарапшының алдына қойылатын сұрақтарды құрастырыңыз?</p> | 3 Сұрақ |
| 65. | <p>2001 жылдың 8 мен 15-і қаңтар аралығында белгісіз тұлға телефон арқылы байланысып, жеке кәсіпкер Бокашевтан 3000 доллар көлемінде ақша бопсалаған. Болмаған жағдайда, бұл тұлға оның өзі мен жанұясына зорлық күш көрсетіледі деп, қорқытқан. Осындай телефон қоңырауларының бірін жәбірленуші авто-жауап беруші ретінде қолданылатын телефонның ұнтаспасына жазып алған. - Бұл іске тиісті сараптаманың қандай түрі тағайындалу керек? - Сарапшының алдына қойылатын сұрақтарды құрастырыңыз?</p> | 3 Сұрақ |
| 66. | <p>2001 жылдың 27 қыркүйегіне қараған түні, белгісіз тұлғалар РГП «Қазақстан Теміржолы» бас директоры Сәрсенбаев пен бірінші орынбасар Қарымсақовтың кабинетінен 167.000 теңгенің мүлкін ұрлады. Оқиға орнын қарау кезінде, директордың кабинетіндегі терезелерді, есіктерді,</p> | 3 Сұрақ |

| | | |
|-----|--|---------|
| | <p>топсалар мен құлыптарды шола қарағанда, бұзып кіру ізі байқалмаған. Сонымен қатар, куәлардың сөзіне қарағанда, екі құлыптар да кілттің көмегімен ашылған. Қарымсақовтың үстелінің бетіндегі әйнекте оң қолдың алақан ізі табылды. Күн сайын кешкі сағат 20-да кабинеттерді жұмысшы қызметкерлер жинайтындығын ескере отырып, табылған қол ізіне ерекше көңіл бөлу керек.</p> <ul style="list-style-type: none"> - Бұл іске тиісті сараптаманың қандай түрі тағайындалу керек? - Сарапшыларға зерттеу объектісі ретінде қандай айғақтық заттарды жібереміз? | |
| 67. | <p>2002 жылдың 8 маусымында Алматы қаласының Құрманғазы көшесіндегі №98 үйінде орналасқан «Думан банкісін» белгісіз тұлғалар тонаған. Бұл қылмысты жасаушы ретінде күдікке, пәтерін тінту кезінде осы банктің қорғау жүйесі туралы толымды мәлімет беретін фотосуреттер табылған азамат Ақбутаев түскен. Алайда күдікті Ақбутаев бұл суреттер осыдан үш жыл бұрын «Тұрар» банкісі әкімшілігінің сұрауы бойынша жасалғанын және суреттердің тонауға да, «Думан банкісінің» қорғау жүйелеріне қатысы жоқтығын мәлімдеген.</p> | 3 Сұрақ |
| 68. | <p>2001 жылдың 13 қарашасында Қазыбек би мен Наурызбай батыр көшелерінің қиылысында мемлекеттік номерлері А 217 РТМ «Ваз-2104» және мемлекеттік номерлері В 717 ВВМ «Мазда-626» автомашиналары соғылған жол-көлік оқиғасы болған. «Мазда-626»-ның жүргізушісі соғылғаннан кейін, тоқтамастан шығыс бағытында қашып кеткен. «Ваз-2104» автомашинасының екі есігі мен алдыңғы оң жақ қанатшасы едәуір зақымданған. Машинаның корпусында қызыл түсті бояудың жұғындысы қалған. Келесі күні шұғыл-ізвестіру шаралары барысында «Мазда-626» көлігі табылған. Жүргізуші Жұмабаев артқы сол жақ қанатшадағы майысуды, бұл зақым осыдан 8 ай бұрын өзінің салақтығынан ағашқа соғылудан пайда болған деп түсіндірген. Ал 13 қарашада, яғни жол-көлік оқиғасы болған күні Талдықорғанда болғанын мәлімдеді.</p> <ul style="list-style-type: none"> - Бұл іске тиісті сараптаманың қандай түрі тағайындалу керек? - Сарапшының алдына қойылатын сұрақтарды құрастырыңыз? - Бұл іске тиісті сараптаманың қандай түрі тағайындалу керек? - Сарапшының алдына қойылатын сұрақтарды құрастырыңыз | 3 Сұрақ |
| 69. | <p>Бірнеше қасақана қылмыс жасаған үшін, Алматы облысының Қаратал ауданының Балпикби ауылының тумасы 1967 жылғы азамат Нұрланов, 1997 жылдан бастап республикалық іздеуде болған. 2002 жылы 19 наурыз күні Алматы-2 вокзалында паспорт-визалық тәртіпті тексеру кезінде жеке басын куәландыратын құжаттары жоқ азамат ұсталып, Алматы-2 вокзалының жол полициясы бөлімшесіне жеткізілген. Ұсталған адамның сырт белгілері іздеудегі Нұрлановқа ұқсайды. Алайда ұсталған адамның сырт көрінісінде айырмашылықтар да бар, яғни: а) ұсталған адамның мұрты бар; б) ұсталған адамның басының маңдай бөлігінде шашы жоқ; в) ұсталған адамның жағында диаметрі 1 см болатын туа біткен қалы бар. Аталған тұлғалардың ұқсастығын анықтау үшін сараптау жүргізу қажет.</p> <ul style="list-style-type: none"> - Бұл іске тиісті сараптаманың қандай түрі тағайындалу керек? - Сарапшыларға зерттеу объектісі ретінде қандай айғақтық заттарды жібереміз? | 3 Сұрақ |
| 70. | <p>2002 жылдың 20 наурызында Панфилов көшесіндегі №16а үйдің №4 пәтерінің ваннасында, үй иесі Есдаулетовтың буынып өлген мәйіті табылған. Мүрденің қасынан, еденнен өлер алдында жазылған хат</p> | 3 Сұрақ |

| | | |
|-----|---|---------|
| | <p>табылған. Хаттың мәтіні екі сөйлемнен тұрады: біріншісінде – өлген адамның аты-жөні, ал екіншісінде – «бұл қатал өмірден кетемін» деген мәтін жазылған. Алайда Есдаулетовтың қызы Исмаилованың айтуынша өлер алдында жазылған хаттағы қолтаңба әкесінікі емес, өйткені оның әкесі ірі жазумен жазатын, ал хат оң жаққа қисайта ширақ жазумен жазылған. Оның үстіне Исмаилованың айтуынша әкесінің өзін-өзі өлтіруге ешқандай себебі болмаған.</p> <p>- Бұл іске тиісті сараптаманың қандай түрі тағайындалу керек? - Сарапшының алдына қойылатын сұрақтарды құрастырыңыз?</p> | |
| 71. | <p>2002 жылдың 20 желтоқсанында Павлодар қаласының Абай-58 көшесінде орналасқан «Нефтепром» ЖАҚ-ын қаржы полициясы органдарының тексеруі барысында, жоғары октанды «Аи-96» маркалы жанармайының өте ірі көлемде жетпейтіні анықталды. Бұл жағдай бойынша жоғарыда аталған бензин маркасының ұрланғанына байланысты қылмыстық іс қозғалды. Алдын ала тергеу барысында «Нефтепром» ЖАҚ-ының жөндеу цехының қызметкер Орынбаевтың Павлодар қаласы маңындағы саяжайынан жерге көмілген шойын бөшке табылған. Бөшкенің ішінде өзіндік иісі бар ашық сары сұйықтық болған. Орынбаевтың айтуынша бөшкеде ол 2001 жылдың көктемінде жеке автокөлігі үшін сатып алған 5 тонна «Аи-96» жанармайы барын мәлімдеді.</p> <p>- Бұл іске тиісті сараптаманың қандай түрі тағайындалу керек? - Сарапшының алдына қойылатын сұрақтарды құрастырыңыз?</p> | 3 Сұрақ |
| 72. | <p>2002 жылдың 8 сәуірінде Алматы қаласының Бостандық аудандық сотының кеңесіне өзін Алматы адвокаттар коллегиясының адвокаты деп таныстырған, қолында өзіне автокөлік құралын жүргізуге салынған тиымды алып тастау жөніндегі Омаровтың шағымы бойынша, 2002 жылдың 15 наурызындағы соь шешімі бар Аширов келген. Аширов кеңсеге осы шешімге сот мөрін қоюға өтініш еткен, алайда кеңседе мөр қойылмаған. Өйткені кеңсе қызметкері Жанатова шешім астындағы қолдың, Бостандық ауданы сотының судьясы Қоңыратовтың қолы екеніне күмән келтірген. Оның үстіне тіркеу журналы бойынша бұл жылы бұндай азаматтық іс сот қарауында болмаған.</p> <p>- Бұл іске тиісті сараптаманың қандай түрі тағайындалу керек? - Сарапшының алдына қойылатын сұрақтарды құрастырыңыз?</p> | 3 Сұрақ |
| 73. | <p>Алматы тауар-шикізат базасының атына Шымкенттегі шұлық трикотаж өндірістік бірлестігі атынан тауары бар №51698 контейнер келген. Алайда Алматы тауар-шиізат базасының әкімшілігінің өкілі Момынбеков бұл контейнерлердегі пломбадан күдіктеніп, НБ-ң тергеу бөліміне пломбаның тәжірибелік үлгісі мен аталған контейнерлердің №51698 пломбасын ұсынған. ТШБ директорының айтуынша, контейнердегі пломбаның бір бетінде «Пластик №2», ал екінші бетінде «Чимкент. Алм. ЖД» деген таңба болуы керек делінген.</p> <p>- Бұл іске тиісті сараптаманың қандай түрі тағайындалу керек? - Сарапшының алдына қойылатын сұрақтарды құрастырыңыз?</p> | 3 Сұрақ |
| 74. | <p>2002 жылдың 4 сәуірінде полиция қызметкерлерінің жүргізген шұғыл-ізвестіру шаралары барысында, Алматы қаласының Жароков көшесіндегі №56 үйдің маңында азамат Беспаяев ұсталған, жеке тінту барысында адан салмағы 0,03 гр. болатын түсі ақ героин есірткісі табылып, тәркіленген. Күдікті ретінде тергелген Беспаяев 2002 жылдың 4 сәуірінде оны полиция қызметкерлері ұстағанын, одан соң куәлардың қатысуымен оның күртешесінің сол жеңінің астарынан ақ түсті зат бар орама табылғанын айтқан. Бұл ораманың күрте жеңінің астарына қайдан</p> | 3 Сұрақ |

| | | |
|-----|---|---------|
| | <p>келгенін ол түсіндіре алмаған. Сонымен бірге, Беспаяев 1986 жылдан бастап жүйке-неврология диспансерінде есепте тұратынын, бір жылдай мерзімде есірткі заттарын тамырына салу арқылы қолдана бастағандығын айтқан. Алматы қаласының жүйке-неврология диспансеріне, Беспаяев онда есепте тұра ма деген сұрау жіберілген. Бұл сұрауға, 1969 жылы туылған Беспаяевтың расында да Алматы қаласының жүйке-неврология диспансерінде есепте тұратыны айтылған.</p> <ul style="list-style-type: none"> - Бұл іске тиісті сараптаманың қандай түрі тағайындалу керек? - Сарапшының алдына қойылатын сұрақтарды құрастырыңыз? | |
| 75. | <p>2001 жылдың 8 шілдесінде Алматы қаласының Гоголь көшесінде №86 орналасқан «Рубин» зергерлік дүкеніне Екатеринбург түсті және бағалы металдар комбинатынан №2765 алтын бұйымдар партиясы түсті. Бұйым саны тіркеме қағаздардағы санға сәйкес келеді. Алайда, Қазақстан Республикасындағы «Рубин» дүкендері торабының I категориялы зергері Мамыталиева бағалауынша ұсынылған, №2765 партия бағалы металдарға қойылатын талаптарға сай келмейді. Оның ойынша, бұл бұйымдар құрамында өнім сапасына едәуір әсер ететін жат қоспалар бар, яғни аздаған техникалық әсер ету кезінде бұйым тез өзгеріске ұшырайды, бұйымдардың түсі көмескі. Жоғарыда аталғандарды есепке ала отырып сараптама жүргізу қажет.</p> <ul style="list-style-type: none"> - Бұл іске тиісті сараптаманың қандай түрі тағайындалу керек? - Сарапшының алдына қойылатын сұрақтарды құрастырыңыз? | 3 Сұрақ |
| 76. | <p>2002 жылдың 5-17 маусымы аралығында белгісіз тұлғалар Алматы қаласының Самал ықшам ауданындағы 36 үйдің 50 кірер есігінің аспалы құлпын бұзып, азаматша Керееваның жеке мүліктерін ұрлап кетті. Оқиға орнын тексеру кезінде, сонымен бірге осы пәтердегі сандықтың аспалы құлпы бұзылып, заттар ұрланғаны анықталды. Керееваның сөзінен, қойманың аспалы құлпы, құрылысы бойынша бірдей жабылатыны анықталған. Сонымен бірге Кереева кірер есіктің құлпы, және сандықтың есігіндегі құлып ұқсас кілтпен жабылатынын айтқан. Бұл іс бойынша жағдайды анықтау үшін, сараптама тағайындау қажет.</p> <ul style="list-style-type: none"> - Бұл іске тиісті сараптаманың қандай түрі тағайындалуы қажет? - Сарапшының алдына қойылатын сұрақтарды құрастырыңыз? | 3 Сұрақ |
| 77. | <p>2001 жылдың 4 желтоқсанына қараған түні Дүйсенбеков, Аханов, Сағатов және Сихаев алдын ала келісіп, «Қамқор» автотұрағының күзетшісі Сыздықовқа шабуыл жасап, автотұрақта тұрған «Ваз-21099», «Ваз-2108», «Ваз-2106» және «Мазда-626» автомашиналарына иелік жасайды. Соңынан «Мазда-626» автомашинасын бөлшектеп сатып жібереді. Тергеу барысында Ахановтан, тіркеу нөмірінде елеулі зақымдары бар «Мазда-626» двигателінің блогы алынады. Тергеу органдары жүргізген анықтау барысында «Мазда-626» автомашинасының иесі двигателдің бұл бөлігін танымады, оның келтірген дәлелі бойынша, оның машинасындағы двигатель күміс түсті болатын, ал тануға ұсынылған блок, қоңыр түске боялған.</p> <ul style="list-style-type: none"> - Бұл іске тиісті сараптаманың қандай түрі тағайындалуы қажет? - Сарапшыларға зерттеу объектісі ретінде қандай айғақтық заттарды жібереміз? | 3 Сұрақ |
| 78. | <p>2002 жылдың 21 қаңтар күні жедел іздестіру қызметкерлері Алматы ауданы ішкі істер бөлімінің №2 бөлмесінде Тоқбаевтан қолдан жасалынған «нунчак» суық қаруы тәркіленді. Сарапшы №246 2002 жылдың 27 қаңтарында нунчактың конструкциясы мықты емес, функционалды қасиеті жоқ деп, қорытынды берді. Бұл сараптама қорытындысына</p> | 3 Сұрақ |

| | | |
|-----|---|---------|
| | <p>прокуратура қарсылық білдіріп, толық екендігіне күмәнданып: зерттеуге берілген «нунчак» қысқа мерзімде жөнделіне ме немесе функционалдық қабілетті бола ала ма?" – деген сұрақ тергеушімен қойылмаған деп, қаулының күшін бұзды.</p> <p>- Бұл іске тиісті сараптаманың қандай түрі тағайындалуы қажет? - Сарапшының алдына қойылатын сұрақтарды құрастырыңыз?</p> | |
| 79. | <p>2002 жылдың 19 сәуірінен бастап белгісіз тұлға, көшіру-көбейту техникасында көбейту арқылы, ішкі істер қызметкерлері мен бұқаралық ақпарат қызметкерлері атынан, Алматы қаласының қазына басқармасы қызметкері азаматша Асанованың жұмыс орнына бірнеше хат жолдайды. Асанованың айтуына қарағанда, хаттарда жала мәліметтер, сонымен қатар оған күш көрсетілетіні туралы қоқан-лоқы болған. Хаттардың мазмұнынан, Асанованың қазына басқармасының аға инспекторы қызметінен және жоғарыда аталған мекемеден кетуі тиіс екені байқалады. Жәбірленушінің айтуынша, бұл хаттарды осы мекемені тіркеу номері №173645 «Оливетти» жазу машинкасында оның қызметтестері жазған болуы мүмкін.</p> <p>- Бұл іске тиісті сараптаманың қандай түрі тағайындалуы қажет? - Сарапшыларға зерттеу объектісі ретінде қандай айғақтық заттарды жібереміз ?</p> | 3 Сұрақ |
| 80. | <p>2001 жылдың 4 сәуір күні Б. Қадыров ағасы А.Қадыровтың атына тіркелген №7281 16-калибрлы ТОЗ-25 маркалы қосұңғылы мылтықты ағасының рұқсатынсыз алып кеткен. Бұдан соң Б. Қадыров Семейге кеткені туралы хат қалдырып, белгісіз бағытта кетіп қалған. Алайда, келесі күні Б. Қадыров Алматы қаласында ұсталған. Оның қолында ТОЗ-25 маркалы №7281 аңшы мылтығы мен ішінен 17 атылған гильза салынған желім қалта табылған.</p> <p>Аңшы мылтығын қарау кезінде, ұңғының бойында оқ дәрінің жанған ысы қалғаны анықталған. Ұсталған Б.Қадыров бұл мылтықтан соңғы тәуліктер ішінде оқ атпағанын айтты.</p> <p>- Бұл іске тиісті сараптаманың қандай түрі тағайындалуы қажет? - Сарапшыларға зерттеу объектісі ретінде қандай айғақтық заттарды жібереміз?</p> | 3 Сұрақ |
| 81. | <p>Азамат Ахметова тұратын Брусиловский 6 мекен-жайындағы пәтерге ұрлық жасалды. Ұрлық кезінде 25 млн. тенге көлемінде материалдық құндылықтар ұрланды. Тергеу барысында, ұрлықты бір топ адамдар жасағандығы: Тезекбаева А., Чупиев К., Арбатов М., анықталды. Қылмыс бойынша жетектеуші (наводчица) Шаяхметова А., болған. Шаяхметова А., А. Ахметованың пәтерінде қонақта болған және А. Тезекбаевтың туысы болып келеді. А. Тезекбаевтың пәтеріне тінту жүргізген кезде «Брусиловский көшесі 6 үй) деген қолхат табылды.</p> <p>1.Қандай сараптама және қандай сұрақтарды шешу үшін тағайындалуы қажет ? 2.Сараптаманы тағайындау кезінде қандай материалдар сараптамаға жіберілуі қажет ? Қандай сұрақтар сараптаманың алдына қоюлуы керек? 3.Қандай тергеу әрекеттері арқылы субъектілердің қолжазбаларын теңдестіру үшін еркін үлгілер алынады ? 4.Субъектілердің қолжазбаларын теңдестіру үшін салыстырмалы үлгілердің алу тәртібі қандай ? 5.Қандай үлгілер болмаса сараптама жүргізілмейді?</p> | 3 Сұрақ |
| 82. | <p>Азаматша Лобанова Ф. өзінің пәтерінде дарға асылу күйінде табылды.</p> | 3 Сұрақ |

| | | |
|-----|--|---------|
| | <p>Мәіттің қасында көк сиямен жазылған қолхат табылды, оның мазмұны мынадай: «Менің өлімімде ешкімді ...». Оқиға болған жерді қарау кезінде, ешқандай жазу құралдары табылған жоқ.</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Қандай сарапатама және қандай болжауларды тексеру үшін тағайындалуы қажет ? 2. Аталған жағдайға қатысты сарапатама тағайындау барысында қандай материалдар сарапшыға жіберілуі керек ? 3. Сарапшының алдына қандай сұрақтар қоюлуы қажет ? | |
| 83. | <p>Азамат Бероевтың пәтерін тінту кезінде, басқа заттай дәлелдемелермен қатар бүгілген қолхат табылды, қолхатта: «Сіздер мені білесіздер...» деген сөзбен басталып, «... мылжырамай сақ болыңыздар» деген сөзбен аяқталады. Қолхат қара сиямен жазылған. Бероев кәсіпкер М.Кулиев пен П.Сулейменовадан ақшаны қорқытып алу қылмысы бойынша айыпталған.</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Қандай сарапатама және қандай мән-жайларды тексеру үшін тағайындалуы қажет ? 2. Сараптаманы тағайындау кезінде қандай материалдар сарапатамаға жіберілуі қажет ? Қандай сұрақтар сараптаманың алдына қоюлу керек ? 3. Азамат Бероевтың қолжазбасының салыстырмалы үлгісін алудың тәртібі қандай ? 4. Берілген фабулаға сәйкес теңдестірілу объектісін анықтауға қатысты қандай сарапатама тағайындалу қажет ? | 3 Сұрақ |
| 84. | <p>Қылмыскерлер Г. Ломов пен К.Бутыринге кәсіпкерлер К.Никитин мен М.Егоровтың 5 млн. АҚШ доллар мөлшерінде несие алу туралы ақпарат белгілі болды. Несиенің мақсаты Екатеринбург ұн комбинатына Қазақстаннан ірі партиялы бидай сатып алуға бағытталған. Қылмыскерлер Қостанай облысының элеваторының директоры К., бухгалтер Л., технолог М., алдын-ала қылмыстық сөз байласты. Келген кәсіпкерлер К.Никитин мен М.Егоровке Г.Ломов пен К.Бутырин №2 элеватордың әкімшілігінің өкілі ретінде танысты. Оларға бидайдың сапасын көрсетіп, кәсіпкерлермен 5млн. АҚШ соммасына сатып және сатып алу шартына отырды. К.Никитин мен М.Егоров ештеңеге күдік келтірмей 2,5 млн. сомманы алдын-ала төлеп ешқандай бидайды алмайды. Тергеу әрекеттері мен жедел-іздістіру шараларын жүзеге асыру кезінде, №2 элеватордың технологы Л. Штернді ұстайды, ол өзіне мәлім болған барлық белгілі мән-жайларды айтып береді. Қылмыскерлер Г. Ломов пен К.Бутыринді тергеу органдары ұстайды, бірақ қылмысқа қатысушылар директоры К. өзінің отбасымен АҚШ-қа сапар шегіп, ал бухгалтер Л. өз жан-ұясымен Германия мемлекетіне кетіп қалады.</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Қандай сарапатама және қандай мән-жайларды тексеру үшін тағайындалуы қажет ? 2. Сараптаманы тағайындау кезінде қандай материалдар сарапатамаға жіберілуі қажет ? Қандай сұрақтар және қандай субъектілерге қатысты сараптаманың алдына қоюлу керек ? 3. Қандай тергеу әрекеттері арқылы субъектілердің қолжазбаларын теңдестіру үшін еркін үлгілер алынады ? 4. Қандай тергеу әрекеттері арқылы субъектілердің қолжазбаларын теңдестіру үшін салыстырмалы үлгілер алынады ? | 3 Сұрақ |
| 85. | <p>К.А.Махмутова сотқа сатып-сатып алу шартын заңсыз деп тануға қатысты талап арызын берді. Өз талап арызын талапкер өзінің анасының №48142 жекешелендіру шартының негізінде Байзаков 183 көшесінде орналасқан пәтерге үлестік құқығы бар болуымен негіздейді. Басқа үлесі Р.А.Итыбаеваға, апайы К.А.Махмутоваға жатады. 1996 жылы анасының өсиеті бойынша өз үлесін К.А.Махмутоваға қалдырады. К.А.Махмутова</p> | 3 Сұрақ |

| | | |
|------------|--|----------------|
| | <p>РМК «Жылжымайтын мүлік орталығына» келгенде 21 қыркүйекте 2001 жылы К.А.Махмутованың анасы пәтерді Р.А.Итыбаеваға сатты. 2001 жылдың басында анасы инсульт ауруына шалдықандықтан өзінің пәтерге үлесін сата алмады және сатып алу шартына өзі қол қоя алмады. Шарт қазіргі уақытта Р.А.Итыбаеваның апайысында, ол К.А.Махмутованы анасына жолатпайды.</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Қандай сараптама және қандай мән-жайларды анықтау үшін тағайындалуы қажет ? 2. Сараптама тағайындау кезінде қандай құжаттар мен материалдар сарапшыға жіберілуі қажет ? 3. Қандай сот әрекеттері арқылы субъектілердің қолжазбаларын теңдестіру үшін еркін үлгілер алынады ? 4. Азаматтық іс жүргізу заңына сәйкес, субъектілердің қолжазбаларын теңдестіру үшін салыстырмалы үлгілер алыну тәртібі қандай ? 5. Сараптамаға қажетті материалдар мен қолжазбаның еркін үлгілерін беруден бас тарту тәртібі азаматтық іс жүргізу заңына сәйкес қалай реттеледі ? | |
| <p>86.</p> | <p>Азаматша С. Раимова П.Кирилловтен 250 мың тенгені алу туралы сотқа талап арызын береді. Өзінің арызын Раимова жауапкердің қарызды қайтару қолхатымен және куәгер Абишовадан жауап алу сұранысын қанағаттандырумен негіздейді. Жауапкер қолхатты жазғандығын мойындаған жоқ, өйткені қолхат жазылған мерзімде өндірісте екі саусағының фалангісін сындырып алғандығы туралы қалалық аурухананың травматологиялық бөлімінің хирургінің анықтамасы бар болуымен дәлелдейді.</p> <ol style="list-style-type: none"> 1.Қандай сараптама және қандай мән-жайларды анықтау үшін тағайындалуы қажет ? 2.Сараптама тағайындау кезінде қандай құжаттар мен материалдар сарапшыға жіберілуі қажет ? Қандай сұрақтар және қандай субъектілерге қатысты сараптаманың алдына қоюлу керек ? 3.Қандай сот әрекеттері арқылы субъектілердің қолжазбаларын теңдестіру үшін еркін үлгілер алынады ? 4.Қандай тәртіппен субъектілердің қолжазбаларын теңдестіру үшін салыстырмалы үлгілер алынады ? 5.Сараптамаға қажетті материалдар мен қолжазбаның еркін үлгілерін беруден бас тарту тәртібі азаматтық іс жүргізу заңына сәйкес қалай реттеледі ? | <p>3 Сұрақ</p> |
| <p>87.</p> | <p>Азаматша А.Г.Полуянова нотариус М.Икрамоваға жекешелендіру шартын заңсыз деп тану арызымен сотқа шағымданды. Арыздың мазмұны келесіде: Барибаева 15 көшесінде орналасқан 2 пәтерді жекешелендіру кезінде ол Г.И.Полянованың пайдасына жекешелендіруден бас тартқан жоқ, жекешелендіруден бас тарту арызында және нотариустың тіркеу журналына А.Г.Полуянов қол таңбасын қойған жоқтығын айтты.</p> <ol style="list-style-type: none"> 1.Қандай сараптама және қандай мән-жайларды анықтау үшін тағайындалуы қажет ? 2.Сараптама тағайындау кезінде қандай құжаттар мен материалдар сарапшыға жіберілуі қажет ? Қандай сұрақтар және қандай субъектілерге қатысты сараптаманың алдына қоюлу керек ? 3.Қандай сот әрекеттері арқылы субъектілердің қолжазбаларын теңдестіру үшін еркін үлгілер алынады ? 4.Қандай тәртіппен субъектілердің қолжазбаларын теңдестіру үшін салыстырмалы үлгілер алынады ? | <p>3 Сұрақ</p> |

| | | |
|------------|--|----------------|
| | <p>5.Сараптамаға қажетті материалдар мен қолжазбаның еркін үлгілерін беруден бас тарту тәртібі азаматтық іс жүргізу заңына сәйкес қалай реттеледі?</p> | |
| <p>88.</p> | <p>ҚР Жоғарғы сотының қадағалау алқасы К.Малахованың талап арызы бойынша, бұрынғы шешілген сот шешімін өзгертті. Қадағалау алқасының қаулысы бойынша, бірінші сатылы және апелляциялық сот қайталама сараптама тағайындау мүмкіндігін ескерген жоқ. Бірінші сатылы сот талқылауы кезінде, К.Малахованың талап арызы бойынша, оның апасы С.П.Бурканованың өсиеті заңсыз, сондықтан қолжазбатану сараптамасы тағайындалды. Сот сараптама жүргізу барысында, сарапшы Р., алдына түскен материалдарды қарау кезінде зерттелетін қол таңбасы және С.П.Бурканованың үлгідегі қолының таңбасының белгілерін бағалау мүмкін еместігін айтты. Сотта сарапшыдан шығарған қорытындыға қатысты жауап алу кезінде сарапшы зерттеу жүргізу үшін үлгілер жеткіліксіздігін және сол сарапшының қорытындысына әсерін тигізгендігін атады.</p> <ol style="list-style-type: none"> 1.Қандай жағдайларда қайталама сараптама тағайындалады және нақты жағдайда ол қажет па? 2.Нақты жағдайда сарапшы, қосымша материалдарды талап етуге құқығы болды ма? 3.Сараптамаға қажетті материалдар мен қолжазбаның еркін үлгілерін беруден бас тарту тәртібі азаматтық іс жүргізу заңына сәйкес қалай реттеледі? 4.Қайталама сараптама тағайындау кезінде қандай материалдар мен құжаттар сараптамаға жіберілуі қажет ? қайталама сараптаманың алдына қандай сұрақтар қоюлуы керек ? 5.Қайталама сараптама тағайындаудың тәртібі қандай ? | <p>3 Сұрақ</p> |
| <p>89.</p> | <p>Алма-Арасан үңгірінде белгісіз мәйітті табу фактісіне қатысты қылмыстық іс қозғалды. Мәйіт бетімен төмен қарап жатты, аяғы созылған, екі қолы арқасына қарай байланған. Мәйіттің қасында жаңылған оттың күлдері қалған. Күлдің арасында қолмен жазылған қолхаттың жаңған бөліктері табылды. Жан жағында қолмен жазылған жыртылған қағаздар жатты. Мәйіттің жеке басын тану мүмкіндігі болған жоқ, өйткені мәйіттің беті бас сүйегі көрінгенге дейін жанып кетті. Дактилоскопиялық тіркеу бойынша тексеріс ешқандай нәтиже берген жоқ. Бірақ, жәбірленуші сыртқы белгілері және киім-кешектері бойынша криминалистік тіркеуде тұрған хабар-ошарсыз кеткен тұлғаларға ұқсас болды. Ата-аналары олардың ұлы К. дачадан келген жоқтығы туралы арызы болды. Жәбірленушінің киімі жақсы сақталған, киім-кешегінің қалтасында А-4 форматты төртке бүктелген қолхат табылды. Оқиға болған жерде табылған қолхаттың бөлшектерінде және жәбірленушінің қалтасынан табылған қолжазбалардың белгілері бірдей және бірдей сиямен жазылған. Ата-аналары ұлдарының қолжазбасын, киімін және денесінің құрылымын таныды. Тергеу кезінде, бір топ тұлғалардың қылмысқа қатыстылығы туралы болжаулар жасалды. Олар: С.Михеева, С.Цой, Д.Куприна. Аталған тұлғалардың пәтеріне тінту жүргізген кезде киімдері, аяқ киімдері қаралды. С.Михеваның аяқ киімінің табанында қолжазбасы бар қағаздың бөлшегі табылды, қолжазбаның белгілері және сияның түсі оқиға болған жерде табылғандағыдай. Мөлшері 3,2 см.-4,21 см., қолмен жазылған қолхатты қарау кезінде, тергеуші орыс алфавиттің барлық әріптері көрініс тапқандығын анықтады.</p> | <p>3 Сұрақ</p> |

| | | |
|-----|--|---------|
| | <p>1.Қандай мән-жайларды анықтау үшін қолжазбатану сараптамасын тағайындау қажет ?</p> <p>2.Сараптама тағайындау кезінде қандай материалдар сарапшыға жіберілуі қажет ? Қандай сұрақтар сараптаманың алдына қоюлу керек</p> <p>3.Қандай тергеу әрекеттері арқылы субъектілердің қолжазбаларын теңдестіру үшін еркін үлгілер алынады ?</p> <p>4.Қандай сараптама фабула бойынша жыртылған беттерге қатысты тағайындалады ?</p> | |
| 90. | <p>Азамат В.Зайцев Джумалиева көшесі, 148, №4 пәтері бойынша жасалған сатып алу мәмлесін заңсыз деп тануға қатысты сотқа талап арызын берді. Талап арызында, оның жұбайысы Р.Кошекoваны аталған мәмілені белгісіз азамат И.Пакпен жасауға мәжбүрлеуімен негіздейді. Кейін оның жұбайысы аталған мәміленің мән-жайлары туралы айтып береді. Мәміле кезінде болған және олардың пәтерінде уақытша тұрған А.Маметов қорқыта бастады. Қорқыту олардың ата-анасыз қалған немерелеріне қатысты болды. Р.Кошекoва стресс күнде мәміленің салдарын ойламай нотариус К.Солбаеваның қатысуымен сатып алу шартына қол таңбасын қояды.</p> <p>1.Қандай мән-жайларды анықтау үшін қолжазбатану сараптамасын тағайындау қажет ?</p> <p>2.Сараптама тағайындау кезінде қандай материалдар сарапшыға жіберілуі қажет ? Қандай сұрақтар сараптаманың алдына қоюлуы керек ?</p> <p>3.Қандай сот әрекеттері арқылы Р.Кошекoваның қолжазбаларының еркін үлгілері алынады ?</p> <p>4.Қандай тәртіппен Р.Кошекoваның қолжазбаларының салыстырмалы үлгілері алынады ?</p> | 3 Сұрақ |

Қылмыстық құқық, қылмыстық іс жүргізу және криминалистика кафедрасының меңгерушісі з.ғ.д., профессор

Джансараева Р.Е.

Аға оқытушы

Сатыбалдинов Д.Д.